«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ
ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ
КОМИТЕТІНІҢ АТЫРАУ ОБЛЫСЫ
БОЙЫНША ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК
АУДИТ ДЕПАРТАМЕНТІ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ

060011, Атырау қаласы, Б.Құлманов көшесі 148-а үй
тел.: 8 (7122) 31-90-44, 31-90-40

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ «ДЕПАРТАМЕНТ
ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО
АУДИТА ПО АТЫРАУСКОЙ ОБЛАСТИ
КОМИТЕТА ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА
МИНИСТЕРСТВА ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

060011, город Атырау, улица Б.Кулманова, 148-а
тел.: 8 (7122) 31-90-44, 31-90-40

№08-К-172/168.
04.05.2018.

«Күзет агенттігі Арлан-Атырау»
ЖШС-нің директоры
Р.Р.Куркембаевқа

Мекен жайы: Атырау қ., А.Құнанбаев к-сі 19а,
Тел: 8 7122 24-18-11, ұялы тел: 8 702 116 20 02
Эл.почта: arlan_atyrau@inbox.ru

Атырау облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті Сіздің 24.04.2018 жылғы №10 *(24.04.2018 жылы №3Т-К-172 санмен тіркелген)* «Атырау қалалық №2 емханасы» ШЖҚ-ғы КМК-на *(хабарлама 07.03.2018 жылы жарияланған №2352538-2 «Күзет қызметін сатып алу» 5 лот)* қатысты жазылған арызыңызды қарап, хабарлайды:

ҚР «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңның *(әрі қарай - Заң)* 9 бабының 1 тармағының 4 тармақшасына сәйкес, әлеуетті өнім берушілерге тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті, тиісті материалдық және еңбек ресурстарының болуы туралы біліктілік талаптары қойылады.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығымен бекітілген" Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" Ереженің *(әрі қарай - Ереже)* 85-1 тармағына сәйкес, тапсырыс берушіге шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін қажетті материалдық және еңбек ресурстары конкурстық құжаттаманың ажырамас бөлігі болып табылатын техникалық ерекшелікте көрсетіледі.

Бұл ретте, Тапсырыс беруші – ұйымдастырушымен бекіткен техникалық ерекшеліктегі әлеуетті өнім берушілерге қойылған талаптардың бірі – *«жедел жауап алу үшін жоғары сапалы кем дегенде 2 (екі) автокөліктің болуы және GPS жүйесімен жабдықталуы керек (конкурстық өтінімге қосымша құжаттар қоса беріледі)»* болу міндеттелген.

Осы ретте, «Сұңқар Секьюрити Жедел Қимылдау Тобы» ЖШС-нің конкурстық өтінімінде конкурстық құжаттаманың 6 қосымшасына сәйкес берілген біліктігі туралы мәліметте «Охранная фирма Сункар Секьюрити» ЖШС-мен 10.06.2016 жылы №1 автокөліктерді жалға алу туралы шарт негізінде алынған 2 дана УАЗ-31519-037 жоғары жүрісті автокөліктерді дәлелдейтін құжаттарымен бірге ұсынылған.

Сонымен қатар, жоғарыда аталған көліктерге GPS жүйесін мониторингтеу қызметін көрсету үшін «GEOS CO» ЖШС-мен 12.09.2017 жылы №2-12-09/17 жасақталған келісім шарт берілген.

«ПЦН Кузет» ЖШС-нің конкурстық өтінімі бойынша:

«ПЦН Кузет» ЖШС-нің конкурстық өтінімінде конкурстық құжаттаманың 6 қосымшасына сәйкес берілген біліктігі туралы мәліметте Лада 212140 – 2 дана және Уаз 22695 – 1 дана автокөліктерін автокөліктерді дәлелдейтін құжаттарымен бірге ұсынылған.

Алайда, «ИнформБюро-Сервис» ЖК-мен GPS жүйесін мониторингтеу қызметін көрсету үшін 01.06.2012 жылы № GPS-AP/20-П-5 *(қосымша келісім 30.05.2016ж №2)* жасақталған келісім шартта жоғарыда аталған автокөліктерге GPS жүйесі қондырылып, қызмет көрсетілетіндігі жөнінде ақпараттар көзделмеген.

Бұл ретте, конкурстық комиссиямен Заңның 21 бабының 8 тармағы және Қағиданың 126 тармақтары бұзылып, алдын ала рұқсат беру хаттамасында көрсетілмеген негіздерде «ПЦН Кузет» ЖШС-нің конкурстық өтінімі конкурсқа қатысуға негізсіз жіберілген.

Алайда, Заңның 27 бабының 5 тармағының 2 тармақшасында *«конкурстық комиссия конкурсқа қатысуға өтінімдерді қайта қарау кезінде конкурсқа қатысуға алдын ала жіберу хаттамасында көзделмеген негіздер бойынша әлеуетті өнім берушілерді қабылдамауына жол бермейді»* атап көрсетілген, сондай-ақ бұзушылық конкурс қорытындысына әсер етпейтін бұзущылықтар болып табылады.

Берілген жауапқа қанағаттанбаған жағдайда, ҚР-ның «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңның талаптарына сәйкес, сотқа шағымдануға құқығыңыз бар екендігін каперіңізге береміз.

Департамент басшысының орынбасары **Б.Анжанов**

Орын:Г.Телишева
Тел:87122319038